

Бұл кітаптың алғашқы басылымының жарық көруіне Американың Халық саны жөніндегі қауымдастығының 1974 жылы Нью-Йоркте өткен жыл сайынғы отырысында Леон Ф. Бувьемен тұңғыш рет кездесуім себеп болды. Алғаш кездескен екі демограф әдетте бір-біріне өзі жүргізіп жатқан демографиялық зерттеулері, тапқан қызықты да маңызды фактілері мен мәліметтері туралы айтқысы келеді. Бір қызығы, Леонмен алғашқы кездесуімде олай болмады. Біз зерттеулеріміз жайлы емес, сол кездегі (және мен үшін қазірге дейінгі) ең сүйікті ісіміз – демографияны оқыту жөнінде әңгімелескен едік.

1974 жылдан бастап, 2011 жылы ол дүниеден өткенге дейін, Леон екеуміз отбасыларымызбен жақсы сыйлас дос болдық. Жылына бір немесе екі рет кездесіп отыратынбыз және жиі хат алысып тұрдық. Екеуміз бірлесе Техас тұрғындарының саны жөнінде кітап жарияладық, сондай-ақ көші-қон, Конгрестегі бөлініс және бұл екеуінің қарым-қатынасы туралы бірнеше зерттеу мақала жаздық. Бірақ осы жылдар ішіндегі қай кездесуімізде де әңгімеміз айналып келіп демографияны оқыту жайына ойысатын. Танысқан кезден кейінгі отыз жыл бойы ылғи аудиторияда оқитын дәрістеріміздің тақырыптары, қолданатын оқыту құралдары мен тәсілдері, оқуға тапсырған кітаптар, демографияның қоғам және әлем үшін маңызы мен өзектілігі жөнінде әңгіме-дүкен құратынбыз. Тоқсаныншы жылдары ара-тұра мен Леонға немесе ол маған «күндердің күнінде демография тақырыбында өзіміз кітап жазуымыз керек» деп қоятынбыз. Бірақ ойға алған кітапты сол отыз жыл ішінде жазбадық. Ақыры, бір күні – 2000 жылдардың басында – Леонға «демография туралы өзіміз жазатын болсақ, онда оны тез арада қолға алуымыз керек» дедім. Сөйтіп, 2005 жылдың соңына қарай Леон екеуміз кітаптың проспектісін және демографияға кіріспенің нобайын жасадық. 2006 жылдың басында мұны Кембридж университеті басысында істейтін Эд Парсонға көрсеттік. Бірнеше айдан кейін ол «Халық саны және қоғам: демографияға кіріспе» деп аталатын кітап жазуға келісімшарт ұсынды. «Халық саны және қоғамның» алғашқы басылымы 2010 жылғы көктемнің соңына қарай жарық көрді.

Бірінші басылымның шығуына көп адам көмектесті. Біз оларға қашанда қарыздармыз. Бірінші басылымның алғы сөзінде бәрінің есімі аталды.

2011 жылы 26 қаңтарда, кітабымыз жарыққа шыққан соң, тоғыз ай өткенде Леон Бувье 88 жасында жүрек талмасынан Вирджиния штатындағы Норфолк қаласында қайтыс болды. Ол кітапты қатты мақтан ететін. Оны менімен бірлесіп жазу оған қатты ұнаған еді. Біз кітапты екі жылдан аса

уақытта жазып бітірдік. Осы уақыт ішінде Леон екеуміз ылғи байланыста болып, бір тараудан соң екінші тарауды қайта електен өткізіп, қайта жазып отырдық. Расында, Леон 1960 жылдары Браун университетінің аспирантурасында оқыған кезде, оның жетекшісі болған Сидней Голдштейн Леонның қайтыс болғанына бірнеше апта өткенде маған хат жазып, демография тақырыбындағы осы кітапты жазудың қуанышы Леонның өмірін шамамен бір жылдай уақытқа ұзартқан сияқты деп еді.

2014 жылдың басында Кембридж университеті баспасынан Роберт Дризен хабарласып, «Халық саны және қоғамның» екінші басылымын жазу туралы ұсыныс айтты. Кітабымыз жаңартуды қажет ететінін жақсы білемін. Бірақ жаңа басылымды Леонсыз қалай жазам деп ойладым. Роберттің өтініші жайлы бірнеше ай ойланып, ақыры жаңа басылымды қолға алуға бел будым. Бірақ Леоннан бөлек жазу жаңаша тәжірибе боларын да бағамдадым. Роберт келісімшартты 2014 жылы берді. Одан кейінгі бірнеше ай кітаптың жаңа жоспарын жасап, кей тарауларды алып тастап, жаңа тараулар қостым (бірінші басылымда 14 тарау болса, екінші басылым 16 тараудан тұрады) және жаңа мәліметтер мен материалдар жинадым. Кітаптың негізгі бөлігін 2015 жылдың көктемі, жазы және күзінде жаздым. Сөйтіп, 16 тараудың алдын ала нұсқасын Робертке 2015 жылғы тамыздың соңы мен желтоқсан аралығында, ал кітаптың соңғы нұсқасын 2016 жылдың сәуірінде жібердім.

Осы басылымды жазу барысында көп нәрсе үйрендім. Екінші басылым десек те, расында, бұл – жаңа кітап. Леонның жазуға көмек берген кездерін сағына еске аламын. Оның жазғандары екі-үш тарауда сақталды. Әйтсе де бұл кітаптың басым бөлігін, шамамен 95 пайызын, мен жаздым. Солай бола тұрғанмен, Леонның есімін авторлардың бірі ретінде қалдыруға ұйғардым. Бұл жобаны екеуміз бірнеше ондаған жыл бұрын бірге қолға алғанбыз. Сондықтан бірлескен автор ретінде оның есімінің тұрғанын қалаймын.

Біраз адамның көмегі мен шыдамы болмағанда «Халық саны және қоғамның» екінші басылымы жазылмас еді. Біріншіден, неше түрлі ұсыныс жасап жігер бергені, шыдамдылық танытқаны үшін Кембридж университеті баспасындағы баспагерім Роберт Дризенге алғыс айтамын.

Мен магистратурада бұрын оқыған және қазір оқитын көптеген студентімнен және бакалавриаттағы бірнеше шәкіртімнен тарауларды оқып, өңдеп және пікір білдіруін, сілтемелерді тексеріп, кестелерді жасауға көмек беруін сұрадым. Сонымен қатар бұл студенттердің кейбірімен бірлесе жариялаған еңбектер осы кітапқа бейімделіп, бірнеше тарауына енгізілді. Осынау адал да қамқор шәкірттеріме алғыс айтамын. Олардың аты-жөндерін әліппе ретімен атайын: Тейлор Бейтс, Аманда Баумле, Ютиң Чаң, Кристофер Черри, Д'Лейн Комптон, Евгения Конде, Рэйчел Траут Кортес, Кристина Круз, Мэри Энн Дэвис, Даниэль Сюдан Денг, Бетани ДеСальво, Хайюн Донг, Джейлан Энгин, Николь Фаррис, Лейтон Филд, Джинни Гарсия, Найонг Хио, Линдсей Хоуден, Хизер Кинканнон, Ханна Элизабет Кляйн, Майкл Коец, Шерри Ландер, Дэнни Мэлоун, Гуадалупе Маркес-Веларде,

Анжелика Менчака, Мисаэль Обрегон, Джеффри Пассел, Бриттани Рико, Ричард Роджерс Тинджеро, Шерил Ролл, Шерил Ролл Крис Рассел, Джуин Хелен Воң, Цянь Кейт Сюн, Дан Инь және Хуаньцзюнь Джун Чжан.

Оған қоса, кітаптың бір немесе бірнеше тарауын оқып, пікірін, жетілдіру жөнінде ұсыныстарын айтқан және басқа еңбектер туралы ескертпелерін жеткізген достарым мен әріптестеріме алғыс білдіремін. Кейбірі менің тарау тақырыбы, география, беттерге сілтеме бойынша сұрақтарыма жауап берді. Екіншілері бір не бірнеше тарау мен тақырыпты талқылауымды тыңдап, кейде араласып та отырды. Енді бірі көп талқылауым мен түсіндірмемді өзі қалаған мөлшерден артығырақ тыңдады. Оларды да әліппе реті бойынша атағым келеді: Эдуардо Бонилла-Сильва, Джон Бойс, Дэвид Карлсон, Элвуд Карлсон, Стефани Кунц, Алекс Десслер, Джо Феджин, Надя Флорес, Марк Фоссет, Уильям Фрей, Джеффри Гилберт, Мелани Хоторн, Дэниел Лихтер, Джон Мационис, Кит Маггерт, Кир-якос Маркидес, Рамиро Мартинес, Питер Моррисон, Нэнси Райли, Рохелио Саенц, Софи Х. Сэвидж, Джейн Селл, Нэнси Заро Шоу, Джексон Шульц, Диего фон Вакано және Джеймс Уэзерби.

Екінші басылымды ұзақ уақыт, көп күш жұмсап жазу барысында маған отбасым түсіністікпен, шыдаммен және сүйіспеншілікпен қолдау көрсетті. Осы себепті балаларым Нэнси мен III Дадлиге, күйеу балам Рик Эспейге, немерелерім Дэвид, Кара және Дэниел Эспейге (Дэвид пен Кара айрықша мақтауға лайық; олар демография курсы бітірмесе де, бірі колледж түлегі, ал екіншісі колледждің екінші курс студенті ретінде 16 тарауды түгел оқып, аталарына бірнеше ай бойы комментарийлер мен пікірлерін жолдап отырды) алғыс айтамын.

Сөз соңында әйелім әрі ең жақын досым, елу үш жылғы некелі серігім Патрицияға алғыс айтамын. Ол да ешқашан демография курсы оқымаса да, ол ілім туралы талайдан артық біледі. Демографпен жарты ғасырдан аса өмір сүрді, сондықтан да ол сол ерлігі үшін қандай сыйлыққа да лайық. «Халық саны және қоғамның» бұл басылымын мен Пэтке арнаймын.

Кіші Дадли Л. Постон